



ҚАЗАҚСТАН  
КӘСІПКЕРЛЕРІНІҢ  
ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ  
ЖӘНІНДЕГІ УӘКІЛ

# ЖАҢА РЕТТЕУШІЛІК САЯСАТ

# ЖЖ

[www.ombudsmanbiz.kz](http://www.ombudsmanbiz.kz)

**2022**





## Мазмұны

|   |           |
|---|-----------|
| <b>1. Жалпы ақпарат</b>   |           |
| <b>2. Реттеуші актілердің жаңа реттеушілік саясаттың базалық шарттарына сәйкестігін қайта қараудың басты нәтижелері</b> | <b>2</b>  |
| 2.1. Сауда қызметі саласы   | 3         |
| 2.2. Қоғамдық тамақтану саласы  | 4         |
| 2.3. Тұру қызметі саласы  | 5         |
| 2.4. Көлік саласы   | 6         |
| 2.5. Жылжымайтын мүлікпен операциялар саласы  | 7         |
| 2.6. Ақпараттандыру және байланыс саласы  | 8         |
| 2.7. Компьютерлік бағдарламалау, консультациялық және басқа да ілеспе қызметтер және ақпараттық қызмет көрсету саласы   | 9         |
| 2.8. Қоймалау саласы  | 10        |
| 2.9. Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу саласы   | 11        |
| 2.10. Тұтынушылар құқығын қорғау саласы   | 12        |
| 2.11. Төтенше жағдайларда қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызмет саласы  | 13        |
| 2.12. Көші-қон саласындағы реттеу   | 14        |
| 2.13. Автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу саласы   | 15        |
| 2.14. Құрылыс саласы  | 16        |
| 2.15. Авторлық және сабақтас құқықтар саласы  | 17        |
| 2.16. Құбыр көлігі қызметі саласы   | 18        |
| 2.17. Балық шаруашылығы саласы  | 19        |
| 2.18. Мұнай және уран өндіру саласы   | 20        |
| 2.19. Қара және түсті металдардың қалдықтарын жинау және өткізу жөніндегі қызмет саласы                                 | 21        |
| <b>3. Түйткілді мәселелер – ұсынылған шешімдер</b>  | <b>22</b> |



## 1. Жалпы ақпарат

### ҚР ҰЭМ-мен бірге



Кәсіпкерлік қызмет саласындағы жаңа реттеушілік саясат мәселелері жөніндегі **Заң** қабылданды (30.12.21 ж. № 95-VII)



Кәсіпкерлік қызмет саласындағы жаңа реттеушілік саясат мәселелері бойынша **түзетулердің 2-пакеті әзірленді**

### ЖҰМЫС КЕЗЕҢДЕРІ

- 2021 ж.** Жаңа реттеушілік саясат мәселелері бойынша заң қабылданды
- 2021-2022 ж.** 24 салада түбегейлі тексеріс жүргізу
- 2022 ж.** РӘТ реформасы, ӨРҰ жетілдіру
- 2023 ж.** 20 салада түбегейлі тексеріс жүргізу
- 2023 ж.** Мемлекеттік бақылаудың жаңа тәсілдері күшіне енеді, тексерулер мен кәсіби бақылау кестелерін қалыптастыру кезінде ТБЖ автоматтандыру күшіне енеді
- 2024 ж.** Базалық талаптарға сәйкес келмейтін барлық талаптар заңсыз деп танылады

### ҚАРАЛДЫ

**2463 НҚА (39 влада)**

### ТАЛДАНДЫ

**106 303** алап

### БАЗАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРГЕ СӘЙКЕС КЕЛМЕЙДІ

**9,3%**

### ЖҮРГІЗІЛДІ

**29** сараптамалық сұхбат

### САУАЛНАМА

**216** Кәсіпкерлік субъектісі бастапқы салалар бөлінісінде

### ОҚЫТУ СЕМИНАРЛАЫ (наурыз-шілде 2022 жыл)

**44** салалық топ

### КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСТЕР

**200**

(мамыр-қыркүйек 2022 жыл)



## 2. Реттеушілік актілердің жаңа реттеушілік саясаттың базалық шарттарына сәйкестігін талдаудың (қайта қараудың) басты нәтижелері

### 2.1. Сауда қызметі саласы – ҚР СИМ

ҚАЙТА ҚАРАУ МЕРЗІМІ

Сәуір-мамыр  
2022 жыл

ҚАРАЛДЫ

52 НҚА

ТАЛДАНДЫ

1 729  
талап

БАЗАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРГЕ  
СӘЙКЕС КЕЛМЕЙДІ

543 (13,6%)

#### Ақылға қонбайтын, артық, ескірген талаптар

Нан-тоқаш өнімдерін турауға қатысты норма, оның орындылығына жұмыс тобының сарапшылары күмән келтірді.

**«2-тарау. Нан-тоқаш және кондитерлік өнімдерді сату тәртібі. 122. Нан-тоқаш өнімдерін кесу үшін тұтқалы немесе қолмен кесетін пышақтар қолданылады, олардың жүздері үгінділердің санын азайту, тез және тең кесу үшін үнемі қайралады».**

Сондай-ақ, жүргізілген жұмыс шеңберінде реттеуші актілердің қалыптастырылған тізбесі бойынша әдістемелік ұсынымдарға сәйкес бірқатар ескірген, қайталанатын және ақылға қонбайтын нормалар анықталды. Мәселен, «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» ҚРЗ 25-бабында бекітілген тауар туралы міндетті мәліметтер тізбесі Ішкі сауда ережелерінде сөзбе-сөз қайталанады. Жұмыс қорытындысы бойынша бұл норманы негізгі норма ретінде қалдырып, ал қалған жерлерде сілтеме ретінде көрсету туралы шешім қабылданды.



## 2. Реттеушілік актілердің жаңа реттеушілік саясаттың базалық шарттарына сәйкестігін талдаудың (қайта қараудың) басты нәтижелері

### 2.2. Қоғамдық тамақтану саласы – ҚР Денсаулық сақтау министрлігі

#### ҚАЙТА ҚАРАУ МЕРЗІМІ

Сәуір-мамыр  
2022 жыл

#### ҚАРАЛДЫ

94 НҚА

#### ТАЛДАНДЫ

2 397  
талап

#### БАЗАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРГЕ СӘЙКЕС КЕЛМЕЙДІ

748 (31,2%)

#### Ақылға қонбайтын, артық, ескірген талаптар

«Құрылыс объектілерін салу, қайта құрылымдау, жөндеу және іске қосу, пайдалану кезіндегі еңбек және тұрмыстық қызмет көрсету жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларында сарапшылар ашықтық шартына сәйкес келмейтін талапты анықтады

«жағымсыз иісі жоқ және зиянды газдар мен булар шығармайтын өндірістік сарқынды суларды, егер бұл технологиялық қажеттіліктен туындаса, жалпы гидравликалық ысырма құрылғысы бар ашық өздігінен ағатын науалар арқылы су бұруға жол беріледі».

Редакцияға сүйене отырып, жағымды немесе жағымсыз иіс дәрежесі қалай анықталатыны белгісіз.



## 2. Реттеушілік актілердің жаңа реттеушілік саясаттың базалық шарттарына сәйкестігін талдаудың (қайта қараудың) басты нәтижелері

### 2.3. Тұру қызметі саласы – ҚР МСМ

ҚАЙТА ҚАРАУ МЕРЗІМІ

Сәуір-мамыр  
2022 жыл

ҚАРАЛДЫ

11 НҚА

ТАЛДАНДЫ

310  
талап

БАЗАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРГЕ  
СӘЙКЕС КЕЛМЕЙДІ

25 (8%)

#### Ақылға қонбайтын, артық, ескірген талаптар

ҚР «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңында түзетуге жататын қонақ үй тарапынан қосарланған төлемді көздейтін норма анықталды. Бір жағынан, кабельдік теледидар операторына ақы төленеді, сонымен қатар мүлдіктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйыммен шарт жасасуы керек.

«21-бап. Туындыны бейнелеу, эфирге берудің және (немесе) кәбіл бойынша жалпыжұрттың назарына хабарлаудың негізгі объектісі болатын немесе туындыны бейнелеу коммерциялық мақсат үшін пайдаланылатын жағдайларды қоспағанда, еркін кіріп көруге ашық орындарға тұрақты қойылған сәулет, суретке түсіру, бейнелеу өнері туындыларын автордың немесе өзге де құқық иеленушінің келісімінсіз және авторлық сыйақы төлемей қайта шығаруға, эфирге беруге және (немесе) кәбіл бойынша жалпы жұрттың назарына хабарлауға жол беріледі».



## 2. Реттеушілік актілердің жаңа реттеушілік саясаттың базалық шарттарына сәйкестігін талдаудың (қайта қараудың) басты нәтижелері

### 2.4. Көлік саласы – ҚР ИИДМК

#### ҚАЙТА ҚАРАУ МЕРЗІМІ

Сәуір-мамыр  
2022 жыл

#### ҚАРАЛДЫ

141 нҚА

#### ТАЛДАНДЫ

6 115  
талап

#### БАЗАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРГЕ СӘЙКЕС КЕЛМЕЙДІ

1 306 (21%)

#### Ақылға қонбайтын, артық, ескірген талаптар

Реттеушінің бұйрықтарында «Автомобиль көлігі туралы» Заңда көзделген, қайталанатын және алып тастауға жататын 5 талап анықталды.

«Автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдау қағидаларын және Қазақстан Республикасының аумағында автокөлік құралдарымен тасымалдауға рұқсат етілетін қауіпті жүктердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м. а. 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 460 бұйрығында – **«10-тармақ. Қауіпті жүкті тасымалдау шартын жасасу тауар-көлік жүкқұжатын жасаумен расталады»** Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 546 бұйрығымен бекітілген Автомобиль көлігімен жүктерді тасымалдау қағидаларының 4-тарауының нормаларымен қайталанатын.

#### Анықтама үшін:

Жұмыс қорытындысы бойынша 290 реттеуші акт анықталды және талданды;

Көлік саласында бизнеске қатысты 11 557 талап анықталды, оның ішінде:

- ИКАО стандарттарына сәйкес - 5041;

- теңіз көлігі саласындағы халықаралық шарттарға сәйкес - 401.





## 2. Реттеушілік актілердің жаңа реттеушілік саясаттың базалық шарттарына сәйкестігін талдаудың (қайта қараудың) басты нәтижелері

### 2.5. Жылжымайтын мүлікпен операциялар саласы – ҚР ӘМ

ҚАЙТА ҚАРАУ МЕРЗІМІ

Маусым  
2022 жыл

ҚАРАЛДЫ

7 НҚА

ТАЛДАНДЫ

149  
талап

БАЗАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРГЕ  
СӘЙКЕС КЕЛМЕЙДІ

6 (4%)

#### Ақылға қонбайтын, артық, ескірген талаптар

«Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» Заңда ескірген норма анықталды 60-баптың 3-тармағы

«3. Осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркемеген жеке және заңды тұлғалар осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап алты ай ішінде өз құқықтарын тіркеуге міндетті».

Бұл талап бүгінгі күнге дейін орындалу шартына сәйкес келмейді, өйткені заң қабылданғаннан бері (2007 жылғы 26 шілдедегі Заң) 15 жылдан астам уақыт өтті.



## 2. Реттеушілік актілердің жаңа реттеушілік саясаттың базалық шарттарына сәйкестігін талдаудың (қайта қараудың) басты нәтижелері

### 2.6. Ақпараттандыру және байланыс саласы – ҚР АҚДМ

ҚАЙТА ҚАРАУ МЕРЗІМІ

Маусым  
2022 жыл

ҚАРАЛДЫ

23 НҚА

ТАЛДАНДЫ

349  
талап

БАЗАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРГЕ  
СӘЙКЕС КЕЛМЕЙДІ

20 (5,7%)

#### Ақылға қонбайтын, артық, ескірген талаптар

«Телерадио хабарларын тарату туралы» ҚР Заңында қайталанатын норма бар

«Телерадио хабарларын тарату операторлары Қазақстан Республикасының аумағында тарататын шетелдік теле-, радиоарналар уәкілетті органда міндетті түрде есепке қойылуға жатады»

Бұл талап «Телерадио хабарларын тарату туралы» ҚР Заңының 18-1-бабында және 42-бабының 7-тармағында қамтылған.



## 2. Реттеушілік актілердің жаңа реттеушілік саясаттың базалық шарттарына сәйкестігін талдаудың (қайта қараудың) басты нәтижелері

### 2.7. Компьютерлік бағдарламалау, консультациялық және басқа да ілеспе қызметтер және ақпараттық қызмет көрсету саласы - ҚР ЦДИАӨМ

#### ҚАЙТА ҚАРАУ МЕРЗІМІ

Маусым  
2022 жыл

#### ҚАРАЛДЫ

58 НҚА

#### ТАЛДАНДЫ

821  
талап

#### БАЗАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРГЕ СӘЙКЕС КЕЛМЕЙДІ

273 (33,2%)

#### Ақылға қонбайтын, артық, ескірген талаптар

Қайталанатын нормаларды қамтитын 200-ден астам норма анықталды.

«Электрондық ақпараттық ресурстардағы дербес деректерді сақтау»  
«Меншік иесі және (немесе) оператор, сондай-ақ үшінші тұлға дербес деректерді қорғау жөнінде қажетті шаралар қабылдауға міндетті» («Ақпараттандыру туралы» ҚРЗ-дан шығарылады, өйткені «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» ҚРЗ-да көзделген).

Сондай-ақ, жүргізілген жұмыс шеңберінде реттеуші актілердің қалыптастырылған тізбесі бойынша әдістемелік ұсынымдарға сәйкес бірқатар ескірген және қайталанатын нормалар анықталды. Осылайша, «Байланыс туралы» ҚРЗ 35-бабында бекітілген байланыс қызметтері сапасының көрсеткіштері «Байланыс қызметтері сапасының көрсеткіштерін бекіту туралы» ЦДИАӨМ бұйрығымен сөзбе-сөз қайталанады. Жұмыс қорытындысы бойынша бұл норманы негізгі норма ретінде қалдырып, ал қалған жерлерде сілтеме ретінде көрсету туралы шешім қабылданды.



## 2. Реттеушілік актілердің жаңа реттеушілік саясаттың базалық шарттарына сәйкестігін талдаудың (қайта қараудың) басты нәтижелері

### 2.8. Қоймалау саласы – ҚР ИИДМ

#### ҚАЙТА ҚАРАУ МЕРЗІМІ

Маусым  
2022 жыл

#### ҚАРАЛДЫ

82 НҚА

#### ТАЛДАНДЫ

5 604  
талап

#### БАЗАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРГЕ СӘЙКЕС КЕЛМЕЙДІ

510 (9,1%)

#### Ақылға қонбайтын, артық, ескірген талаптар

«Ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға қойылатын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 23 қыркүйектегі № 7-1/848 бұйрығында тиімсіз талап бар:

**«27-тармақ, 9-тармақша ветеринариялық препараттың әрбір түрі жеке камерада сақталуы тиіс»;**

Осыдан кейін, мұндай мүмкіндік болмаған жағдайда, әрбір ветеринарлық препарат үшін ортақ камерада жеке сөре қарастырылуы керек делінген.

Осылайша, субъектіге 9 тармақша талаптарын орындамау құқығы беріледі, өйткені жеке камераларда сақтау мүмкіндігі жоқ және бұл бұзушылық болып табылмайды деп айтуды жеткілікті.

**«178-тармақ қойма, үй-жайларында қажеттілікке сәйкес табиғи, механикалық, аралас желдету немесе ауаны баптау көзделеді. Үй-жайлар ылғалдылық пен температураны анықтау аспаптарымен жабдықталады»** ашықтық қағидатына сәйкес келмейді.

Бұл жағдайда ауа ағынының көлемі қандай болуы керек, ол жеткілікті болуы үшін ауаны баптау қажеттілігін кім және қалай анықтайтыны белгісіз.



## 2. Реттеушілік актілердің жаңа реттеушілік саясаттың базалық шарттарына сәйкестігін талдаудың (қайта қараудың) басты нәтижелері

### 2.9. Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу саласы - ҚР ИИДМ

#### ҚАЙТА ҚАРАУ МЕРЗІМІ

Шілде  
2022 жыл

#### ҚАРАЛДЫ

83 НҚА

#### ТАЛДАНДЫ

10 402  
талап

#### БАЗАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРГЕ СӘЙКЕС КЕЛМЕЙДІ

858 (8,2%)

#### Ақылға қонбайтын, артық, ескірген талаптар

Күші жойылуы тиіс 553 талап анықталды.

«Мұнай және мұнай өнімдеріне арналған резервуарларды пайдалану және жөндеу кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 15 маусымдағы № 286 бұйрығындағы **технологиялық құбырларды пайдалануға қатысты 11 талап** жойылуға тиіс, өйткені ҚР Төтенше жағдайлар министрінің бұйрығымен 2021 жылғы 27 шілдедегі № 359 бекітілген Технологиялық құбырларды пайдалану кезіндегі қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулықтарда осы талаптар толық қайталанады.

«Тау-кен және геологиялық барлау жұмыстарын жүргізетін қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 352 бұйрығындағы келесі тармақ алып тастауға жатады:

**«818-тармақ Шахтаның негізгі өндірістік алаңының айналасында санитарлық-қорғау аймағы орнатылады, оның мөлшері жобамен анықталады».**

Бұл талап «Тіршілік ету ортасы мен адам денсаулығына әсер ету объектілері болып табылатын объектілердің санитариялық-қорғау аймақтарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санкцияларының 9-тармағында көрсетілген.



## 2. Реттеушілік актілердің жаңа реттеушілік саясаттың базалық шарттарына сәйкестігін талдаудың (қайта қараудың) басты нәтижелері

### 2.10. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласы – ҚР СИМ

ҚАЙТА ҚАРАУ МЕРЗІМІ

Қыркүйек  
2022 жыл

ҚАРАЛДЫ

9 НҚА

ТАЛДАНДЫ

214  
талап

БАЗАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРГЕ  
СӘЙКЕС КЕЛМЕЙДІ

15 (7,0%)

#### Ақылға қонбайтын, артық, ескірген талаптар

2007 жылғы 21 шілдедегі № 306 «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» ҚР Заңының 15-бабының 8-тармағында тұтынушыға арналған ақпарат нақты ойыншыққа ілеспе мәтіндік құжат (паспорт, жапсырма, қосымша бет, пайдалану жөніндегі нұсқаулық) түрінде берілуі немесе ойыншыққа немесе оның қаптамасына (тұтыну ыдысына) тікелей таңбалау түрінде жазылуы мүмкін екендігі айтылған.

Қайта қарау барысында сарапшылар тұтынушыға осындай ақпаратты электрондық форматта ұсыну қажет деген пікірге келді.



## 2. Реттеушілік актілердің жаңа реттеушілік саясаттың базалық шарттарына сәйкестігін талдаудың (қайта қараудың) басты нәтижелері

### 2.11. Төтенше жағдайларда қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызмет саласы - ҚР ТЖМ

#### ҚАЙТА ҚАРАУ МЕРЗІМІ

Наурыз  
2023 жыл

#### ҚАРАЛДЫ

36 нқа

#### ТАЛДАНДЫ

1 342  
талап

#### БАЗАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРГЕ СӘЙКЕС КЕЛМЕЙДІ

87 (6,5%)

#### Ақылға қонбайтын, артық, ескірген талаптар

30 талаптың күші жойылуы тиіс

«Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламентін бекіту туралы» ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 17 тамыздағы № 405 бұйрығында «Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өрт сөндіру құралдарына қойылатын талаптар туралы» ЕЭК Кеңесінің 2017 жылғы 23 маусымдағы № 40 шешімімен қабылданған экономикалық одақтың техрегламентінің талаптарымен өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында кейбір техникалық реттеу объектілеріне қойылатын 8 талаптың қайталанатыны анықталды.

Сарапшылар «Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 21 ақпандағы № 55 бұйрығында көзделген келесі талаптың күшін жоюды ұсынды:

**«Объектінің қызмет көрсетуші персоналы немесе орындаушы объектіге орнатылған өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларының құрылымы мен жұмыс принципін біледі, осы Қағидалардың, өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын пайдалану жөніндегі қағидалар мен нұсқаулықтардың талаптарын біледі және орындайды, белгіленген мерзімде регламенттік жұмыстарды жүргізеді және пайдалану құжаттамасын еркін нысанда толтырады».**

Бұл талаптың мағынасы жоқ. Бақылау жүргізу мүмкін емес. Лауазымдық міндеттермен немесе шарттық қатынастармен реттеледі. Ережеде объект басшысының жауапкершілігі айқындалған.



## 2. Реттеушілік актілердің жаңа реттеушілік саясаттың базалық шарттарына сәйкестігін талдаудың (қайта қараудың) басты нәтижелері

### 2.12. Көші-қон саласындағы реттеу – ҚР ІІМ

ҚАЙТА ҚАРАУ МЕРЗІМІ

Қыркүйек  
2022 жыл

ҚАРАЛДЫ

6 НҚА

ТАЛДАНДЫ

160  
талап

БАЗАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРГЕ  
СӘЙКЕС КЕЛМЕЙДІ

3 (1,9%)

#### Ақылға қонбайтын, артық, ескірген талаптар

Басқа нормативтік құқықтық актілерде олардың болуына байланысты күші жойылуы тиіс 2 талап анықталды.

«Көшіп келушілердің Қазақстан Республикасына келуінің және онда болуының, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасынан кетуінің қағидаларын және Көші-қон бақылауын жүзеге асыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан заңсыз өтетін, Қазақстан Республикасының аумағында заңсыз болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағына келуге тыйым салынған адамдарды есепке алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 21 қаңтардағы № 148 қаулысындағы «**8-1. Шығарып жіберу немесе реадмиссия бойынша шығыстарды шығарып жіберілетін немесе реадмиссияланатын заңсыз көшіп келушілер, заңсыз көшіп келушіні Қазақстан Республикасына шақырған не көшіп келушінің Қазақстан Республикасында заңсыз болу фактісі анықталған сәтте оның еңбегін пайдаланған жеке немесе заңды тұлғалар көтереді**» «Көші-қон туралы» Заңның 60-бабының 2-тармағымен қайталанатын.





## 2. Реттеушілік актілердің жаңа реттеушілік саясаттың базалық шарттарына сәйкестігін талдаудың (қайта қараудың) басты нәтижелері

### 2.13. Автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу саласы - ҚР ИИДМ

ҚАЙТА ҚАРАУ МЕРЗІМІ

Қыркүйек  
2022 жыл

ҚАРАЛДЫ

21 НҚА

ТАЛДАНДЫ

258  
талап

БАЗАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРГЕ  
СӘЙКЕС КЕЛМЕЙДІ

47 (18,2%)

#### Ақылға қонбайтын, артық, ескірген талаптар

«Көлік құралдары мен жолаушыларға қызмет көрсету объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 23 қыркүйектегі № ҚР ДСМ-98 бұйрығы «Өндірістік үй-жайларды нақты жарық көздерімен жалпы жасанды жарықтандыруға қойылатын талаптарды» белгілейді, бұл кәсіпкерлердің мүмкіндіктерін шектейді.

Қайта қарау қорытындысы бойынша **өндірістік үй-жайлардағы жалпы жасанды жарықтандыру гигиеналық нормативтердің талаптарына сәйкес келеді** деген ұстаным әзірленді.



## 2. Реттеушілік актілердің жаңа реттеушілік саясаттың базалық шарттарына сәйкестігін талдаудың (қайта қараудың) басты нәтижелері

### 2.14. Құрылыс саласы – ҚР ИИДМ

#### ҚАЙТА ҚАРАУ МЕРЗІМІ

Тамыз  
2022 жыл

#### ҚАРАЛДЫ

133 нҚА

#### ТАЛДАНДЫ

7 345  
талап

#### БАЗАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРГЕ СӘЙКЕС КЕЛМЕЙДІ

390 (5,3%)

#### Ақылға қонбайтын, артық, ескірген талаптар

«Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» ҚР Заңының 9-бабының 5-тармағына сәйкес, құрылыс салушы мен уәкілетті компания осы бапта белгіленген талаптарға сәйкес келген жағдайда, құрылыс салушы және (немесе) уәкілетті компания құрылысты аяқтау үшін жеткілікті сомаға көппәтерлі тұрғын үй құрылысын қаржыландыруға әзірлігі туралы екінші деңгейдегі банктің шешімін алу үшін екінші деңгейдегі банкке жүгінеді.

Құрылысты аяқтауға жеткілікті қаражаттың мөлшерін анықтау қиын, нақты көрсетілмеген.

Қазіргі уақытта екінші деңгейдегі банк тұрғын үй құрылысын қаржыландыруға дайын екендігін растайтын хат беретін тәжірибе қалыптасқан.

Сонымен қатар, жекелеген жағдайларда ЖАО Заңның 9-бабының 5-тармағын Банктің құрылысты қаржыландыруға дайындығы туралы ресми шешімі түрінде жазбаша құжат ұсыну қажет деп түсіндіреді.

Осыған байланысты, жұмыс тобы осы норманы заңда нақтылау жөніндегі ұсынысты қолдау туралы шешім қабылдады.



## 2. Реттеушілік актілердің жаңа реттеушілік саясаттың базалық шарттарына сәйкестігін талдаудың (қайта қараудың) басты нәтижелері

### 2.15. Авторлық және сабақтас құқықтар саласы – ҚР ӘМ

ҚАЙТА ҚАРАУ МЕРЗІМІ

Қыркүйек  
2022 жыл

ҚАРАЛДЫ

8 НҚА

ТАЛДАНДЫ

64  
талап

БАЗАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРГЕ  
СӘЙКЕС КЕЛМЕЙДІ

14 (21,9%)

#### Ақылға қонбайтын, артық, ескірген талаптар

«Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» ҚР заңының 44-бабының 2-тармағында осы заңның 43-бабының 3-тармағына сәйкес алынған өкілеттіктер негізінде мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйым туындылар мен сабақтас құқықтар объектілерін пайдаланудың тиісті тәсілдеріне пайдаланушылармен лицензиялық шарттар жасасатыны көзделген. Мұндай лицензиялық шарттардың талаптары бір санаттағы барлық пайдаланушылар үшін бірдей болуы тиіс. Көрсетілген ұйымдар пайдаланушыға лицензиялық шарттар жасасудан жеткілікті негіздерсіз бас тартуға құқылы емес.

Жұмыс тобының сарапшылары талап сенімділік шартына сәйкес келмейтінін анықтады. Пайдаланушымен лицензиялық шарттар жасасудан бас тарту негіздерін нақтылау қажет.



## 2. Реттеушілік актілердің жаңа реттеушілік саясаттың базалық шарттарына сәйкестігін талдаудың (қайта қараудың) басты нәтижелері

### 2.16. Құбыр көлігі қызметі саласы - ҚР ЭМ

ҚАЙТА ҚАРАУ МЕРЗІМІ

Шілде  
2022 жыл

ҚАРАЛДЫ

64 нқа

ТАЛДАНДЫ

5 277  
талап

БАЗАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРГЕ  
СӘЙКЕС КЕЛМЕЙДІ

350 (6,6%)

#### Ақылға қонбайтын, артық, ескірген талаптар

Бірін бірі қайталайтынын ескере отырып, бір бұйрықтағы 52 талаптың күшін жою.

«Магистральдық құбырларды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 354 бұйрығында **134 тармақ бар, оның 52 тармағы** «Мұнай және мұнай өнімдері үшін резервуарларды пайдалану және жөндеу кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары» Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 15 маусымдағы № 286 бұйрығының **талаптарын қайталайды.**



## 2. Реттеушілік актілердің жаңа реттеушілік саясаттың базалық шарттарына сәйкестігін талдаудың (қайта қараудың) басты нәтижелері

### 2.17. Балық шаруашылығы саласы – ҚР ЭГТРМ

#### ҚАЙТА ҚАРАУ МЕРЗІМІ

Қараша  
2022 жыл

#### ҚАРАЛДЫ

35 нқа

#### ТАЛДАНДЫ

209  
талап

#### БАЗАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРГЕ СӘЙКЕС КЕЛМЕЙДІ

59 (28,2%)

#### Ақылға қонбайтын, артық, ескірген талаптар

«Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» ҚРЗ 27-бабына сәйкес жануарлар дүниесін пайдаланушылар арнайы пайдалану кезінде уәкілетті органмен келісім бойынша бекітілген балық шаруашылығы су айдынында және (немесе) учаскесінде биологиялық негіздеме негізінде балық шаруашылығы мелиорациясын жүргізуге, балық ресурстарының және басқа да су жануарларының кәсіпшілік қорының деректерін жыл сайын түзетуге міндетті.

Сарапшылар балық шаруашылығы мелиорациясы бойынша ұсынымдар әзірлеуді және халықаралық және республикалық маңызы бар су айдындарының балық ресурстары мен басқа да су жануарларының кәсіпшілік қорының деректерін жыл сайын түзетуді ғылыми ұйымдар мемлекеттік тапсырыс бойынша жүзеге асыратынын атап өтті. Осыған байланысты бизнес субъектілерінің биологиялық негіздемені өз бетінше жүргізу қажеттілігі жоқ, яғни осы рәсімді жүргізуге жұмсалатын қаржылық шығындардың орынсыздығы атап өтілді.



## 2. Реттеушілік актілердің жаңа реттеушілік саясаттың базалық шарттарына сәйкестігін талдаудың (қайта қараудың) басты нәтижелері

### 2.18. Мұнай және уран өндіру саласы – ҚР ЭМ

ҚАЙТА ҚАРАУ МЕРЗІМІ

Қазан  
2022 жыл

ҚАРАЛДЫ

88 НҚА

ТАЛДАНДЫ

7 803  
талап

БАЗАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРГЕ  
СӘЙКЕС КЕЛМЕЙДІ

648 (8,3%)

#### Ақылға қонбайтын, артық, ескірген талаптар

«Жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану жөніндегі бірыңғай қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 15 маусымдағы № 239 бұйрығының **4 талабы** «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» ҚР кодексінің талаптарын **қайталайды**.

«Өнеркәсіптің мұнай және газ салаларының қауіпті өндірістік объектілері үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» ҚР Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 355 бұйрығының **70 талабы** және «Газдарды дайындау және қайта өңдеу жөніндегі қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 357 бұйрығының **49 талабы** Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 15 маусымдағы № 286 «Мұнай және мұнай өнімдерін сақтауға арналған резервуарларды пайдалану және жөндеу жөніндегі өнеркәсіптік қауіпсіздік тәртібін айқындайтын мұнай және мұнай өнімдеріне арналған резервуарларды пайдалану және жөндеу кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету» бұйрығында қайталанған.

Жұмыс тобы бұрын шығарылған бұйрықтардан қайталанатын талаптарды алып тастау туралы шешім қабылдады.



## 2. Реттеушілік актілердің жаңа реттеушілік саясаттың базалық шарттарына сәйкестігін талдаудың (қайта қараудың) басты нәтижелері

### 2.19. Қара және түсті металдардың қалдықтарын жинау және өткізу жөніндегі қызмет саласы - ҚР ИИДМ

ҚАЙТА ҚАРАУ МЕРЗІМІ

Қазан  
2022 жыл

ҚАРАЛДЫ

27 НҚА

ТАЛДАНДЫ

1 018  
талап

БАЗАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРГЕ  
СӘЙКЕС КЕЛМЕЙДІ

11 (1,1%)

#### Ақылға қонбайтын, артық, ескірген талаптар

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022 жылғы 24 наурыздағы № 148 «Түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалардың, түсті және қара металдардың сатып алынған және өткізілген сынықтары мен қалдықтары туралы және Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы» бұйрығына сәйкес сала өкілдері тоқсан сайын есеп жібереді.

Бизнес қоғамдастық металл сынықтары саласында цифрландыруды енгізу арқылы есеп беру процесін оңтайландыруды ұсынды.



### ТҮЙТКІЛДІ МӘСЕЛЕЛЕР

- Бизнес үшін міндетті талаптарды қамтитын жаңадан қабылданатын НҚА-ға қатысты белгіленген шарттардың («ойын ережесінің») сақталуын мемлекеттік органдар тарапынан бақылаудың жеткіліксіздігі.

Денсаулық сақтау министрлігінің 2022 жылғы 17 ақпандағы бұйрығымен бекітілген **Қоғамдық тамақтандыру СанЕжН-н** мен қайта қарауға жібердім (Кәсіпкерлік кодексте маған берілген өкілеттілікті пайдана отырып). Өйткені қабылданған ережелер бірқатар негізсіз және тиімсіз талаптарды қамтиды және «таза парақтан» реттеу бойынша жүргізіліп жатқан саясатқа қайшы келеді.

**Азаматтық авиация желісі бойынша НҚА-ның** мынадай жобалары талаптарды қалыптастыру шарттарына сәйкес келмейді:

- «Азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыларға қойылатын сертификаттық талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м. а. 2015 жылғы 24 ақпандағы № 153 бұйрығының жобасы (ИИДМ);
- «Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында медициналық куәландыру және қарап-тексеру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 5 маусымдағы № 324 бұйрығының жобасы (ИИДМ).

- Бұл ретте талаптарды қайта қарау шеңберінде азаматтық авиация комитеті қолдаған ескертулер ескерілмеген.

### ҰСЫНЫЛҒАН ШЕШІМДЕР

- ✓ ҚР Кәсіпкерлік кодексінің 81-1-бабына сәйкес реттеуші саясатты қалыптастыру және іске асыру кезінде, әсіресе бизнес үшін міндетті талаптарды қамтитын жаңадан қабылданатын НҚА-ға қатысты талаптарды және реттеуші құралдарды қалыптастырудың базалық шарттарын мемлекеттік органдардың мүлтіксіз сақтауын бақылауды күшейту қажет.





### ТҮЙТКІЛДІ МӘСЕЛЕЛЕР

- ❑ Цифрлық тәсілдерді қолдану арқылы кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеуді жетілдіру бойынша бірнеше «параллельді» алаңның болуы  
«Таза парақтан» реттеу нәтижесі мемлекет пен бизнестің өзара қарым-қатынасын, оның ішінде тексеру жүйесін автоматтандыруды толық цифрландыру болады.  
Сондықтан қайта қарау қорытындысы бойынша қолданыстағы НҚА-ға енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтырулар бұдан әрі қосымша күш жұмсамай-ақ барлық реттегіш алаңды «цифрлық рельстерге» көшіру мүмкіндігі болатындай етіп қалыптастырылуы тиіс. Бүгінгі таңда ЦДИАӨМ-де тексерулерді автоматтандыру бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде – мемлекеттік бақылаудағы тәуекелдерді басқару жүйесі. Салалардың бір бөлігі ағымдағы жылы қамтылады, ал қалған бөлігі келесі жылдың ортасына дейін аяқталуы тиіс деп жоспарланып отыр.  
Сонымен қатар, ЦДИАӨМ жобалық тобы мемлекеттік қызметтерді жетілдіру бойынша жұмыс жүргізуде, оның маңызды бөлігі бизнес-процестердің реинжинирингі болып табылады.

### ҰСЫНЫЛҒАН ШЕШІМДЕР

- ✓ Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі «таза парақтан» реттеуді енгізу және мемлекеттік қызметтерді жетілдіру, сондай-ақ тексерулер жүйесін автоматтандыру жөніндегі жұмыстарды үйлестіру үшін бір цифрлық офицерді айқындауы қажет, бұл барлық салалардағы кәсіпкерлік қызметті реттеудің жаңа пайымы бойынша пәрменді ұсыныстарды күшейтуге және қалыптастыруға оң әсерін тигізеді.



### ТҮЙТКІЛДІ МӘСЕЛЕЛЕР

- Мемлекеттік органдардың дерекқорларының бір-бірімен толық интеграциясы мен ашықтықтың болмауы, әртүрлі мемлекеттік органдар тарапынан бірдей ақпаратқа қайталама сұрау салу фактілерінің болуы.
- Көптеген статистикалық есептердің болуы бизнес үшін түйткілді мәселе болып табылады. Кәсіпкерлердің көпшілігі бұл есептіктерді тапсырмайды немесе тұрақты түрде тапсырмайды. Бұл ШОБ-тың сенімді статистикасының болмауының тағы бір себебі.

### ҰСЫНЫЛҒАН ШЕШІМДЕР

- ✓ **Эстонияның тәжірибесі бойынша «бір реттік» қағидатын енгізу**, яғни азаматтар мен ұйымдар билікке тек бір рет есеп беру ақпаратын ұсынады (есептілік қайталанбайды). Басқа мемлекеттік органдар қажетті мәліметтерді **автоматты түрде жүктеу арқылы**, бұлтты шешімдерді пайдалану арқылы алатын болады.
- ✓ «Мемлекеттік аппарат қызметін бюрократияландыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 13 сәуірдегі № 872 Жарлығы шеңберінде есептердің (ақпараттық құралдардың) **тізбесін өзектендіру** және қайталануды анықтау мақсатында **қолда бар ақпараттық құралдарды** (есептерді, мәліметтерді, ақпаратты және т. б.) **бағалау жөніндегі жұмысты бастау қажет**, бұл ақпаратты бизнес міндетті түрде мемлекеттік органдарға ұсынады.

Ақпараттық құралдарды бағалау келесі сұрақтарға жауаптарды қамтуы керек:

- Есептілік не үшін жиналады?
- Қандай мақсатта пайдаланылады?
- Осы есептілік негізінде мемлекеттік орган қандай басқару шешімдерін қабылдауы тиіс?
- Есептілік қалай қалыптасады?
- Мемлекеттік орган бұл есептерді қаншалықты жиі пайдаланады?
- Әртүрлі мемлекеттік органдарға ұсынылатын, әртүрлі есептіктерде бірдей деректер көрсетіле ме, бірін-бірі қайталай ма?
- Кәсіпкердің осы есепті қалыптастыруға және ұсынуға жұмсаған шығындары ақтала ма?



### ТҮЙТКІЛДІ МӘСЕЛЕЛЕР

- ❑ Жаңа реттеушілік саясатты енгізу шеңберінде қайта қарау орталық мемлекеттік органдар деңгейінде жүргізіледі. Алайда, жергілікті атқарушы органдар әзірлейтін және міндетті талаптар тізілімінде көзделуі қажет бизнеске қойылатын міндетті талаптарды қамтитын реттеу актілері жұмыс шеңберіне енгізілмеген.

### ҰСЫНЫЛҒАН ШЕШІМДЕР

- ✓ Міндетті талаптар тізіліміне ЖАО қабылдайтын реттеуші актілердің тізбесі әрбір ЖАО бойынша емес, реттеуші актілер тізбесі актілердің типі бойынша қалыптастырылатын дербес бөліммен қалыптастырылуға тиіс. Бұл барлық ЖАО үшін заңнамалық деңгейде ЖАО қабылдайтын НҚА-ның бірыңғай түрлері белгіленетіндігіне байланысты.
- ✓ Үлгілік қағидалар негізінде қабылданған реттеушілік актілер орталық деңгейде қайта қаралуға тиіс, өйткені дәл осы Үлгілік қағидаларда барлық реттеушілік талаптар мен регистрлер белгіленеді. Ақиқатында, үлгілік негізінде ЖАО қабылдайтын барлық ережелер бірдей және өз бетінше өзге талаптар мен регистрлерді енгізуді көздемейді.
- ✓ ЖАО-ның төлем ставкаларын, аймақтардың, квоталардың және т.б. өлшемдерін белгілеуге байланысты реттеуші актілері ҚР бойынша жалпыға бірдей белгіленген негізде қабылданады, сондай-ақ орталық мемлекеттік органдар да қарауы тиіс, өйткені өңірлер бойынша ЖАО бекітетін ставкалардың, квоталардың, төлемдердің және т. б. мөлшерлерінің ерекшеліктері жалпы республикалық шеңберде қатаң түрде жүзеге асырылады.
- ✓ ЖАО деңгейінде орталық деңгейде негіздері жоқ (құзыреттен басқа) реттеуші актілер қаралуға тиіс.



ҚАЗАҚСТАН  
КӘСІПКЕРЛЕРІНІҢ  
ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ  
ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛ

